

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Нарын-Сырдария су қоймалары сарқырамасының су-энергетика ресурстарын 2001 жылы пайдалану жөніндегі келісімді іске асыру шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 26 мамыр N 722

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы "Нарын-Сырдария су қоймалары сарқырамасының су-энергетика ресурстарын 2001 жылы пайдалану жөніндегі" 2001 жылғы 19 сәуірдегі келісімді (бұдан әрі - Келісім) іске асыру және 2001 жылы Оңтүстік Қазақстан мен Қызылорда облыстарының суармалы жерлерін суғаратын сумен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдіктерімен, тиісті ұйымдармен келісілген 2001 жылғы 1 маусымнан 31 тамызға дейінгі кезеңде қосымшаға сәйкес Қырғыз Республикасынан алынатын электр энергиясының және оның есесіне берілетін көмір мен мазуттың көлемдері туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Келісімді орындау жөніндегі операторлар болып Қазақстан тарапынан:

1) оңтүстік аймақтың суармалы жерлерін суғару үшін су беру бойынша - Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті;

2) Қырғыз Республикасынан жеткізілетін электр энергиясын беру бойынша - "KEGOC" электр тораптарын басқару жөніндегі қазақстандық компания" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "KEGOC" ААҚ);

3) Бішкек қаласының жылу электр орталығына отындық мазутты жеткізу бойынша - Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі.

3. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі Қырғыз Республикасынан 2001 жылы өсімдіктердің көктейтін кезеңінде алынатын электр энергиясы үшін өтемақы ретінде берілетін көмір мен мазутты теміржол көлігімен тасуға қолданылып жүрген тарифтің 50% көлемінде жеңілдік белгілесін.

4. "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Қазақстан темір жолы" РМК) көмір мен мазуттың жеткізілуі үшін жылжымалы составтың үздіксіз беріліп отырылуын қамтамасыз етсін.

6. Оңтүстік Қазақстан мен Қызылорда облыстарының әкімдері 2001 жылғы 15 мамырға дейін Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетіне өсімдіктердің көктейтін кезеңі үшін суды үнемдеу, ауыл шаруашылығы дақылдары егісінің құрылымдары мен көлемдерін оңтайландыру жөнінде бекітілген іс-шараларын берсін.

7. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі бұл ретте Қырғыз Республикасынан Қазақстан Республикасына 2001 жылы өсімдіктердің көктейтін кезеңінде берілетін барлық электр энергиясы көрсетілген үкіметаралық Келісімнің шеңберінде жүзеге асырылады деп белгілей отырып, Қырғыз Республикасынан электр энергиясын алу жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын.

8. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті өсімдіктердің көктеу кезеңінде судың ұтымды пайдаланылуына бақылау орнатсын.

9. "Қазақстан темір жолы" және "Кентауликвидрудник" республикалық мемлекеттік кәсіпорындарына, "Шымкентэнерго" және "Тұранэнерго" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарына, "Қазатомпром" ұлттық атом компаниясы", "Қазтрансойл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы" және "Жамбыл электр тораптары" жабық акционерлік қоғамдарына, "KEGOC", "Қызылорда аймақтық электр тораптық компаниясы" және "Талдықорған акционерлік көліктік электр тораптық компаниясы" ашық акционерлік қоғамдарына, "Байқоңырэнерго" мемлекеттік өндірістік энергетикалық бірлестігіне, "ҚазФосфат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Қырғыз Республикасынан алынған электр энергиясының көлемі және оның есесіне берілетін көмір мен мазуттың жеткізілімі туралы ақпаратты апта сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне беріп отыру ұсынылсын.

10. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Энергетика және минералдық ресурстар министрі В. С. Школьникке жүктелсін.

11. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2001 жылғы
26 мамырдағы
N 722 қаулысына қосымша

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.18. N 975
қаулысымен.

P010975_

Электр энергиясының, көмір мен мазуттың өзара жеткізілу кестесі

-
Тұтынушы ! Орташа ! Электр !Есесіне ! Есесіне
 !сағаттық! энергиясы,! көмір ! мазут
 ! қуаты, ! мың кВт !жеткізу,! жеткізу,
 ! МВт ! ! тонна ! тонна

Оңтүстік Қазақстан облысы

"Шымкентэнерго" және 70 154560 - 20 000

"Тұранэнерго" мемлекеттік
коммуналдық кәсіпорындары

"Кентауликвидрудник" 13 28704 17940 -
республикалық мемлекеттік
кәсіпорны

"Қазатомпром" ұлттық атом 7 15456 9660 -
компаниясы" жабық
акционерлік қоғамының
орталық кен басқармасы

"ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау 2 4416 2760 -
жөніндегі ұлттық компаниясы"
жабық акционерлік қоғамы Шығыс
филиалының Шымкент мұнай
құбыры басқармасы

Қызылорда облысы

"Қызылорда аймақтық электр
тораптық компаниясы" ашық
акционерлік қоғамы 24 52992 33120 -

"Байқоңырэнерго" 24 52992 33120 -
мемлекеттік өндірістік
энергетикалық бірлестігі

"Қазатомпром" ұлттық атом 5 11040 6900 -
компаниясы жабық акционерлік
қоғамының N 6 кен басқармасы

Алматы облысы

"Талдықорған акционерлік 14 30912 19320 -
көліктік электр тораптық
компаниясы" ашық акционерлік
қоғамы

"KEGOC" ашық акционерлік 17 37536 23460 -
қоғамы

Жамбыл облысы

"Қазфосфат" жауапкершілігі 124 273792 171120 -
шектеулі серіктестігі

"Жамбыл электр тораптары" 53 117024 73140 -
жабық акционерлік қоғамы

Басқа тұтынушылар

"Қазақстан темір жолы" 61 134688 84180 -
республикалық мемлекеттік
кәсіпорны

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК